

**Қазақстан Республикасының ер азаматтарын 2013 жылғы қаңтардан бастап наурызға дейін Петропавл қаласы аумағында тіркеу және медициналық тексеруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімінің 2012 жылғы 5 желтоқсандағы N 16 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 20 желтоқсанда N 1998 тіркелді. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 11 желтоқсандағы N 02.14/03-03/2710 хаты)

**Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 11.12.2013 N 02.14/03-03/2710 хаты)**

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 16-бабына, «Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 қаулысына сәйкес қала әкімі **ШЕШТІ:**

1. Тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасының ер азаматтарын 2013 жылғы қаңтардан бастап наурызға дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының қорғаныс істері жөніндегі департаменті» мемлекеттік мекемесінің әскерге шақыру учаскесіне тіркеу және медициналық тексеру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін (келісім бойынша).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Ш.Т. К а р и н о в а ға жү к т е л с і н .

3. Осы шешім оны алғашқы рет жариялағаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі  
КЕЛІСІЛДІ

Б. Жұмабеков

«Солтүстік Қазақстан облысы  
Петропавл қаласының  
Қорғаныс істері жөніндегі  
басқармасы» мемлекеттік  
Д. Ғабдуллин

мекемесінің бастығы  
4 желтоқсан 2012 жыл

